

**БАТЫС МӘДЕНИЕТ ПЕН
ӨРКЕНИЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ
КЕЗЕҢДЕРІ**

ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТ

- Еуропалық орта ғасыр мәдениеті шарықтауы мен құлдырауы бар он екі ғасырлық қиын жолды қамтиды. Ол - негізгі типологиялық белгілерден тұратын жалпы әлемдік мәдени процесс бөлігі. Нағыз мәдениет ретінде ол оны жасаған халықтардың көптеген жалпы және ерекше белгілерінен тұратын терең жеке бейнеге ие. Орта ғасырдың рухани мәдениеті үшін Абсолютке жетуге тырысу, универсализмге ұмтылу, символизм және аллегориялық, танымның діни құрылымын тудыру, беделге ие болуға, форма тұрақтылығына ұмтылу, индивидтің оны қоршаған әлеуметтік ортамен тұтастығы ретінде белгілер болды. Алайда орта ғасырлық мәдениет өзгермей тұрып қалған мәдениет болған жоқ, ол біртіндеп қозғалмалы сипатқа ие болды. Мәдени өмірдің жаңа формалары, философиялық ағымдар, көркем стильдер, әдебиет жанрлары туды. Мәдениеттегі жаңа құбылыстар бір-бірін байыта отырып, мәдени алуандықтың өсуіне мүмкіндік жасай отырып, алдыңғылармен өзара әрекет етті.

ҚАЙТА ӨРЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

- Ренессанс немесе Қайта өркендеу дәуірі (итал. Rinascimento, ол итал. ri – «қайта» және итал. nasci – «туылу» сөздерінен құралған тұрақты термин) — XIV-XVII ғасырларға аралығындағы еуропалық жаңа мәдениет қозғалысы. Ол орта ғасырдың соңында Италияның орталық өңіріндегі қалалар – Флоренция, Милан қалаларынан басталып, еуропаның өзге елдеріне кеңейген. Ренессанс сөзі бұл күндері ауыспалы мағынада "Өркендеу, гүлдену, жаңару, көркею, қайта серпілу" секілді мағыналарды береді. Ренессанс дәуірінде ежелгі антикалық мәдениетке қайту, ежелгі грек-рим мәдениеті мен философиясынан үйрену, сурет пен бейнелеу өнерінде, өнер мен әдебиетте тегіс гуманизмді (адамгершілікті), пантеизмді (табиғат құдайшылдығы), натурфилософияны негіз еткен тың шығармашылық сынақтарын жасау, католик дінінің озбырлықтарына ащы сын айту, дінді реформациялау, протестантизм, гелиоцентризм, утопия, жаңа теңіз жолдарының толассыз ашылуы секілділерде көрініс тапты.

Қайта өрлеу дәуірінің
аса көрнекті
гуманистері:



Петрарка



Данте



Боккаччо

- **Петрарка Франческо** италиялық ақын, ойшыл, ғалым, қоғам қайраткері. Петрарка қайта өркендеу дәуірі әдебиеті өкілдерінің бірі. Петрарка бастауыш білімді латын тілінде алған, кейін **Монпельедегі** құқық мектебінде, **Болонья университетінде** оқып, 1326 жылы діни дәреже алған. Авиньондағы Клара шіркеуінде сүйіктісі Лаураны кездестірген (1327) Петрарка шығарм-нда махаббат лирикасы ерекше орын алды. “*Канцоньере*” (“Өлеңдер жинағы”) атты 2 бөлімді жинағында “Мадонна Лаураның өліміне” (1327 — 74) арнаған туындылары жарияланды. Куртуаздық лирика дәстүрінде жазылған жинаққа 317 сонет, 29 канцон, 9 сикстин, 7 баллада, 4 мадригал, махаббат, филос., саяси тақырыптарға арналған үндеулер енді. Оның бұл жинағы ұзақ уақыт бойына еуропа лирикасының көшбасшысы болып келді



ДАНТЕ АЛИГЬЕРИ

- Данте Алигьери (итал. Dante Alighieri), толық аты Дуранте дельи Алигьери(1265 - 1321 ж.ж.) - Қайта Өрлеу дәуіріндегі ұлы итальян ақыны. Итальян әдеби тілін қалыптастырушы, "Комедия" шығармасының авторы. Дантенің ұлы шығармаларына тәнті болған халқы, ұрпағы кейіннен оны (XVI ғ.) "Құдіретті комедия" деп атады. "Құдіретті комедия" (1307 - 1321) кейіннен өлемге әйгілі шығарма болды. Данте бұл шығармасында орта ғасырға тән сюжетті алып, өзінің қуатты көркемдік қиялымен оқырманды тамұқтан, күнәдан тазаруына жол ашады және жұмақтан өткізеді. Дантенің кейбір аңғал замандастары ол "о дүниеде болып келген-мыс" - деп ұққан. Дантенің "Құдіретті комедия" шығармасы "Тамұқ", "Күнәдан тазару", "Жұмақ" деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Тамұққа, терең жер астына, күнәһар адамзат өкілдері, кісі өлтіргендер, өзіне қол салғандар түседі де, мәңгілік рухани және дене азабын тартады. Күнәдан тазару жолына түскенде тауға шығып, күнәдан тазарған соң, жұмаққа кіреді. Күнәдан тазарып, жұмаққа барғанша көп азапты жолдардан өтеді. Ал жұмаққа кіргендер өмірін мәңгі-бақи рақатта өткізеді.



ЖАҢА ЗАМАН ЕУРОПАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

- Жаңа заман еуропалық мәдениеті - Еуропа үшін жаңа заман (XVII—XIX ғасырлар) мәдениеттің дамуындағы маңызды тарихи кезең болып саналады.
- Бұл дәуірдің әр ғасыры тарихи уақиғаларға, мәдени төңкерістерге толы. Жаңа заман — өнеркәсіптік өркениеттің қарыштап алға басып, қоғамның барлық салаларында түбегейлі өзгерістердің белең алғандарға байланысты жаңа сипатқа, жаңа мазмұнға ие болды. Ғылымның дамуына еркіндіктің берілуі қоғамдық сананы жаңа сатыға көтерді. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында жетекші орынға ие бола бастаған ғылым — адамдардың нәсіліне, ұлтына, табына қарамастан халықтың рухани дүниесін байытуда айтарлықтай рөл атқарды. Мемлекет тарапынан жасалынған үлкен қамқорлықтың арқасында XVII ғасыр ғылыми революцияның даму қарқыны өте жоғары болды. Ғылыми революция математика және механика саласында басталды да, басқа ғылым салаларындағы ғылыми жаңалықтармен жалғасты.